

Ж.М. Тлемисова *¹, Қ.Б. Болатова ², Ф.С. Рамазанова ³

¹*Alikhan Bokeikhan University, 3 курс докторанты, Семей, Қазақстан*
E-mail: jansaia.86@mail.ru

²*Alikhan Bokeikhan University, Тарих ғылымдарының кандидаты, Семей, Қазақстан*
E-mail: kalamkas_17_81@mail.ru

³*Alikhan Bokeikhan University, Тарих ғылымдарының кандидаты, Семей, Қазақстан*
E-mail: ramazan@gmail.com

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНРИХЫНДА ОҚЫТЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ГЕРМАНИЯ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа

Ғылыми-зерттеу жұмысының басты мақсаттарының бірі – әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы түсінікті ашып, Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдарына баға беру болып табылады. Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын жан-жақты талқылап, білім беру жүйесіндегі оқыту ерекшеліктеріне баға беру маңызды. Қазақстанның халықаралық аренадағы әлеуметтік-мәдени байланыстар қызметінде Германия мемлекетінің алатын орны ерекше. Осыған орай, мақалада мысал ретінде Қазақстан мен Германия арасындағы әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастың қалыптасу, даму бағыттарын талдау мақсаттардың бірі ретінде таңдалынды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеттерінің бірі әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы зерттеу жұмыстарын жүйелеу, нақты пікірлерді талдап, анықтамалық қорытындылар жасау болып табылады. Халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтардың ерекшеліктерін жіктеп, оның еліміздегі көріністерін анықтау. Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға сай болып, нақты қай салаларға артықшылықтар беруін нақтылау да басты міндеттердің бірі саналады.

Әлеуметтік-мәдени қызмет пен басымдықтар қоғам өмірінің басты салалары болып табылады. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар азамат өмірінің ең маңызды салаларын анықтайды. Азаматтардың көзқарастары мен сапалы өмір сүру, ұлттық құндылықтарына мән беріп, заман талаптарына сай болуы әлеуметтік-мәдени басымдықтардың негізін құрап отыр. Тақырыптың өзектілігі де Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарына сай болуын анықтау, сол бағытта атқарылып жатқан шараларға баға берумен байланысты.

Зерттеудің нәтижесінде әлеуметтік-мәдени басымдықтарға ғылыми баға беріліп, халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарды жүзеге асырып келе жатқан ұйымдардың жұмысы, даму бағдарламаларының нәтижесі ғылыми тұжырымдалды.

Түйін сөздер: мемлекет, әлеуметтік-мәдени басымдықтар, Қазақстан Республикасы, Германия, азамат, тарихи кезең.

Тлемисова Ж.М.*¹, Болатова Қ.Б.², Рамазанова Ф.С.³

¹*Alikhan Bokeikhan University, докторант, Семей, Қазақстан*
E-mail: jansaia.86@mail.ru

²*Alikhan Bokeikhan University, кандидат исторических наук, Семей, Қазақстан*
E-mail: kalamkas_17_81@mail.ru

³*Alikhan Bokeikhan University, кандидат исторических наук, Семей, Қазақстан*
E-mail: ramazan@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ ПРИОРИТЕТОВ КАЗАХСТАНА В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: НА ПРИМЕРЕ ГЕРМАНИИ

Аннотация

Одной из главных целей научно-исследовательской работы является раскрытие понимания социально – культурных приоритетов и оценка международных социокультурных приоритетов Республики Казахстан. Важно всесторонне обсудить международные социокультурные приоритеты Республики Казахстан и дать оценку особенностям обучения в системе образования. Германия занимает особое место в деятельности социально-культурных отношений Казахстана на международной арене. В связи с этим в статье в качестве примера был выбран анализ направлений становления, развития социокультурных связей между Казахстаном и Германией.

Одной из основных задач научно-исследовательской работы является систематизация исследовательской работы о социокультурных приоритетах, анализ конкретных мнений и составление справочных выводов. Классифицировать особенности международных социокультурных приоритетов и выявить их проявления в стране. Одним из ключевых значений является конкретизация, каким именно отраслям Республика Казахстан должна соответствовать международным социально-культурным приоритетам.

Социально-культурная деятельность и приоритеты являются главными сферами жизни общества. Социокультурные приоритеты определяют важнейшие сферы жизни гражданина. Взгляды и качество жизни граждан, их нацменьшинства и соответствие требованиям времени составляют основу социально-культурных приоритетов. Актуальность темы также связана с определением соответствия Республики Казахстан международным социально-культурным приоритетам, оценкой проводимых мероприятий в этом направлении.

В результате исследования дана научная оценка социально-культурным приоритетам, научно сформулированы результаты работы, программы развития организаций, реализующих международные социокультурные приоритеты.

Ключевые слова: государство, социокультурные приоритеты, Республика Казахстан, Германия, гражданин, исторический период.

*Tlemisova Zh.M.*¹, Bolatova K.B.², Ramazanova F.S.³*

¹Alikhan Bokeikhan University, doctoral student, Semey, Kazakhstan

E-mail: jansaia.86@mail.ru

²Alikhan Bokeikhan University, Candidate of Historical Sciences, Semey, Kazakhstan

E-mail: kalamkas_17_81@mail.ru

³Alikhan Bokeikhan University, Candidate of Historical Sciences, Semey, Kazakhstan

E-mail: ramazan@gmail.com

FEATURES OF TEACHING INTERNATIONAL SOCIO-CULTURAL PRIORITIES OF KAZAKHSTAN IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN: IN CASE OF GERMANY

Abstract

One of the main goals of the research work is to reveal the understanding of socio-cultural priorities and the assessment of international socio-cultural priorities of the Republic of Kazakhstan. It is important to comprehensively discuss the international socio-cultural priorities of the Republic of Kazakhstan and assess the peculiarities of education in the education system. Germany occupies a special place in the activities of socio-cultural relations of Kazakhstan in the international arena. In this regard, the analysis of the directions of formation and development of socio-cultural ties between Kazakhstan and Germany was chosen as an example in the article.

One of the main tasks of research work is the systematization of research work on socio-cultural priorities, the analysis of specific opinions and the compilation of reference conclusions. To classify the features of international socio-cultural priorities and identify their manifestations in the country. One of the key values is the specification of which industries the Republic of Kazakhstan should correspond to international socio-cultural priorities.

Socio-cultural activities and priorities are the main spheres of society's life. Sociocultural priorities determine the most important spheres of a citizen's life. The views and quality of life of citizens, their national minorities and compliance with the requirements of the time form the basis of socio-cultural priorities. The

relevance of the topic is also connected with the determination of the compliance of the Republic of Kazakhstan with international socio-cultural priorities, the assessment of ongoing activities in this direction.

As a result of the research, a scientific assessment of socio-cultural priorities is given, the results of work and development programs of organizations implementing international socio-cultural priorities are scientifically formulated.

Keywords: State, socio-cultural priorities, Republic of Kazakhstan, Germany, citizen, historical period.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы өзінің егемендігіне қол жеткізгеннен кейін халықаралық саяси аренада өзін баянды болашақты ел ретінде орнықтыра алды. Маңызды саяси мәселелермен қатар, Қазақстан Республикасы үшін халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар да басты назарда болды. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар өз кезегінде өз бойына бірнеше маңызды құрылымдарды біріктіреді. Оның басты мәні белгілі бір қоғам немесе саяси институттың жалпы мойындалған әлеуметтік-мәдени нормалар мен қарым-қатынасқа негізделе отырып дамуымен байланысты. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар ең алдымен қоғамдағы және халықаралық қатынастар, адамзат баласының осы салада жеткен жетістіктерін ескере отырып анықталады. Жалпы мемлекеттің әлеуметтік-мәдени даму саясаты бірнеше деңгейде жүзеге асады. Олардың қатарында аймақтық, жергілікті және халықаралық деңгейлерді атауға болады.

Әлеуметтік-мәдени басымдылық ең алдымен осы деңгейлер үшін қажетті даму көрсеткіштерін анық-таудан басталады. Халықаралық деңгейдегі әлеуметтік-мәдени басымдылық ең алдымен мемлекет және оның азаматтары үшін қажетті ұғымдарды басшылыққа алу, сол құндылықтарға ұмтылу, мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатын сол басымдылыққа икемдеуден басталады. Мемлекеттің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын анықтау үшін ең алдымен оның ішкі саясатындағы әлеуметтік және мәдени саладағы ұстанымдары мен саясатын бағамдап алу керек.

Осы арқылы халықаралық басымдықтарын анықтауға болады. Ең алдымен мемлекет үшін өз азаматтарының алдында бірқатар маңызды міндеттер жүктелетіндігі белгілі. Сол міндеттердің қатарында әлеуметтік-мәдени міндеттер ерекше сұранысқа ие. Міне осы сұраныс пен талаптар мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси ұстанымдарындағы әлеуметтік-мәдени басымдықтарды анықтауға түрткі болады. Мемлекеттің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары қоғамда қабылданып жатқан даму тұжырымдамалары, мемлекеттік бағдарламалар, жобалар мен олардың жүзеге асуынан көрінеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған алғашқы жылдарынан-ақ саяси-әлеуметтік, тарихи-рухани қалыптасудың бірегей әрі күрделі кезеңдерінен өтті. Нәтижесінде еліміз полимәдени және көп құрылымды этно-әлеуметтік орта қалыптасты.

Қазақстанның сыртқы әлеуметтік және мәдени басымдықтар қызметінде Германия мемлекеті айтарлықтай маңызға ие. Себебі, екі елдің арасын тарихи-мәдени сабақтастықтар тығыз жалжап жатыр. Осыған орай, мысал ретінде Қазақстан-Германия ортасындағы байланыстардың даму барысына жіті көзқарастар танытылды. Қазақстанда өмір сүрген жүздеген мың неміс диаспорасының басым көпшілігінің 1990 жыл-дары тарихи отанына оралуға мүмкіндік алғаны белгілі. Бірақ, олардың Қазақстанмен мәдени-гуманитар-лық, білім-әлеуметтік салалардағы қарым-қатынастары үзілген жоқ. Бұл бағыт мемлекетаралық деңгейде табысты жүзеге асып келе жатыр. Бұл үрдіс гуманитарлық пәндерді оқытуда үлкен қызығушылық тудырады.

Тақырып әсіресе Қазақстан тарихы пәні аясында терендете отырып, қарастырылды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасуы, қоғамдық-саяси дамудағы алға басушылықтардың көрсеткіштері, халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар сияқты тақырыптар толыққанды талданып, білім алушыларға жан-жақты білім мазмұны берілді. 2022-2023 оқу жылынан бастап еліміздің жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқыту тәжірибесі қайта басталды. Демек Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары мәселесі жаңа білім бағдарламасына сай бір апталық жүктемедегі дәріс, семинар және білім алушылардың өзіндік жұмысы ауқымында ғана қарастырылады. Әрине тақырыптың ауқымы азайғанымен, берілетін мәліметтер көлемі азайған жоқ. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын Қазақстан тарихы мысалында оқытудың маңызды мәліметтерін саралап, оны білім алушыларға тиімді жеткізе алудың әдіс-тәсілдерін арнайы қарастырудың қажеттілігін тудырып отыр.

Материалдар. Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарының білім жүйесінде оқытудың ерекшеліктері мәселесін жан-жақты сараптап, талдау арқылы нақты ғылыми тұжырымға келу үшін осы мәселеге қатысты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстар мен іргелі еңбектерде келтірілген мәліметтер басшылыққа алынды. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттары, мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік-мәдени дамуға бағытталған халықаралық келісімдер, олардың халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға

қатысты тұстары барынша талдана отырып, пайдаланылды. Қазақстан Республикасының егемендік алуы және әлеуметтік ел ретінде орнығуына мүмкіндік берген заңнамалық негіздер мен Германия мемлекетімен арадағы халықаралық бастамаларға қатысты мәселелерді архив құжаттары және архив құжаттарының жинақтарын пайдалану арқылы ашуға талпыныстар жасалды. Демек біз Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын білім беру жүйесінде оқыту тәжірибесінің негізгі материалдарын: архив құжаттары, іргелі зерттеулер мен ғылыми-зерттеу жұмыстары, заңнамалық құжаттар деп үш түрін атап өтеміз.

Әдіснама. Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарының білім беру жүйесінде оқытылуы мәселесінің Қазақстан тарихы мысалында оқытылуының ерекшеліктері мәселесін жан-жақты талдап, нақты ғылыми тұжырымдар бірқатар әдіс-тәсілдердің негізінде жүзеге асты. Ең бастысы шынайы-лық принципі басшылыққа алынды. Барлық тарихи жайттар оның жағымды және жағымсыз жақтары қатар талданды. Тарихи деректерді сұрыптап, мәселеге қатысты мәліметтерді сыни көзқарас тұрғысынан сараптай алдық. Салыстырмалы талдау негізінде алынған мәліметтердің жоғары шынайылық дәрежесінде сәтті пайдалана алдық. Сонымен қатар әр деректер мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының табиғатын ескере отырып, жасалған ғылыми тұжырымдардың өзектілігі мен бүгінгі күндегі маңыздылығына мән бердік.

Нәтижелер. Жалпы әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесі соңғы жылдары ғылымда ерекше қызығушылықпен сұранысқа ие болып отырған тақырыптар қатарына жатады. «Әлеуметтік-ғылыми басымдықтар» терминінің өзі ХХ ғасырдың 90-шы жылдары пайда болды. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар немесе құндылықтар ұғымының өзі тек тарих ғылымы ғана емес, бірқатар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарының зерттеу нысаны болып табылады. Зерттеушілер Л.А. Беляева мен М.А. Беляевалар өздерінің еңбектерінде «әлеуметтік-мәдени басымдықтар мен қызметтер әртүрлі әдіснамалық зерттеу ұстанымдары мен талдау пайымдарына ие. Сол себепті де әлеуметтік-мәдени басымдықтар ұғымын жан-жақты талдау үшін осы түсініктерді ашатын ғылым салаларындағы әдіснаманы біріктіру қажет» деген ұсыныс білдіреді [1, 68-б.]. Зерттеушілер әлеуметтік-мәдени түсініктерді сараптай келе, бұл ұғымның ғылыми мәнін жеке адамдық, топтық және институционалдық тұрғыдан түсіндіруге болатындығын атап өтеді. Біз зерттеушілердің бұл пайымымен толыққанды келісеміз және өз кезегінде әлеуметтік-мәдени басымдықтардың институционалдық түсініктері мемлекеттің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар ұғымын білдіреді деп санаймыз.

Жалпы әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесіне қатысты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми еңбектерді саралай келе, әлеуметтік-мәдени даму түсініктері мен олардың басымдықтарына қатысты біз төмендегідей қорытындыларға келдік:

- әлеуметтік-мәдени басымдықтар жеке тұлға немесе ұлт дәрежесінде қарастыратын болсақ, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратын дәстүрлер сабақтастығы болып табылады;
- әлеуметтік-мәдени басымдықтар жекелеген адамдар мен топтардың болашақта рухани және әлеуметтік тұрғыдан дамудың бағыты болады;
- әлеуметтік-мәдени басымдықтар мемлекет сынды саяси институттардың өз азаматтарының көзқарастарын жалпы гуманистік мойындалған ұстанымдарға негізделіп, қоғамды алға жетелейтін баста-маларға сай болу әрекетімен ұштасады деп санаймыз. Әрине бұл келтірген ғылыми анықтамалардың ішінде әсіресе мән берерлігі мемлекеттің әлеуметтік-мәдени басымдықтары мәселесі болып табылады. Кез-келген мемлекеттің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары ең алдымен азаматтарының әлемдік үрдістен қалмай, жалпы мойындалған құндылықтық көзқарастарының қалыптасуына бағыттала-ды. Сонымен қатар әлеуметтік-мәдени ұғымдар аясында белгілі бір құзіреттіліктерді бойына жинап, адамгершілік, шығармашылық, діни, ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді терең меңгеруіне жағдай жасайды. Нәтижесінде өзін әлемдік әлеуметтік-мәдени үрдістердің бір бөлшегіміз деп санап, оның ағымдарына сай болуға тырысқан мемлекеттердің азаматтары кез-келген халықаралық сипаттағы ортада өзін еркін ұстап, қалыптасқан ахуалға сай бола алады.

Мемлекеттердің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары ең алдымен халықаралық саяси аренадағы өзге де мемлекеттермен өзара бірлескен шаралары мен ортақ ұйымдардың қабылдаған құжаттары, арнайы қаулыларына сай болудан көрінеді. Қазақстан Республикасы 1991 жылдың 16 желтоқсанында өз тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін, халықаралық саяси аренадағы өзінің ұстанымдарын нақтылаудың жолына түсті. Республиканың тек саяси-экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени басымдықтарын айқындаудың негізгі жолы халықаралық ұйымдардың аясында жүзеге асудың норма-тивтік негіздері қалыптасты. Мысалы 1992 жылдың наурыз айында еліміз барлық егеменді елдер мүше болатын Біріккен ұлттар ұйымына кіргені белгілі. Біріккен ұлттар ұйымы әлемде бейбітшілік қолдап, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған

ұйым екендігі белгілі. Алайда қазіргі таңда БҰҰ-ның қызметі тек қана саяси сипаттағы мәселелер ғана емес, адамзат баласының қалыпты дамуына бағытталған қоғамның барлық саласын қамтып отыр. Өйткені БҰҰ-ның құрылымдық ерекшеліктеріне мән беретін болсақ, оның тым күрделі екендігіне көз жеткіземіз. БҰҰ бірнеше комитеттер мен түрлі бөлімшелерден тұрады. Сол бөлімшелердің бірі білім беру, ғылым мен мәдениет мәселелерін реттейтін ЮНЕСКО болып табылады.

Қазақстанның Еуропа елдерімен байланысы тәуелсіздің алғашқы жылдары орнығып үлгерді. Еуропа елдері Қазақстанның нарығына қаржы инвестицияларын құйып қоймай, әлеуметтік-мәдени бағыттарда қатынастарды жандандыруға мүдделілік танытты. Осы тұрғыда ЕуроОдақтың жетекші экономикалық локомотиві Германияның алатын орын ерекше болып табылады. КСРО ыдырыған соң, Германия өзінің қандастарын тарихи отанына қайтуға үндеген болатын. Олардың тарихи отанына оралу үрдісі саяси-әлеуметтік жанжалсыз өткен болатын. Қазақстан Республикасы өзінің этносаяси ұстанымына байланысты неміс ұлтының өкілдерінің мәдени-әлеуметтік бірегейлігінің сақталуы мен дамуына барынша қолдау көрсетті. Қазақстанда өмір сүруші немістердің өмірі мен әлеуметтік ахуалы Қазақстан-Германия арасындағы мемлекетаралық келіссөздердің негізгі пәндерінің біріне айналғандығы сөзсіз.

1992 жылдың 22 қыркүйек күні Қазақстан Республикасы үкіметі мен Германия Федеративтік Респуб-ликасының үкіметі арасында неміс ұлтына жататын Қазақстан азаматтарын қолдау туралы келісімге қол қойылды. Осы құжатқа сәйкес, тарихи отанына оралуға тілек білдіруші неміс ұлтының өкілдеріне әкімшілік және құжаттық рәсімдеулер бойынша қолдаудың жүйесі негізделді.

Екі елдің арасындағы мәдени-ағартушылық және әлеуметтік-экономикалық байланыстардың дамуы-на Қазақстанда өмір сүруші азсанды неміс этносы мен Германияда тұрып жатқан қазақстандық неміс-тердің ықпалының зор екендігі белгілі. Осы тұрғыда қазақстандық немістердің «Возрождение» атты этно-бірлестігінің екі жақты мәдени қарым-қатынастардың дамуындағы көпір рөлін атқарып отырғандығына көз жеткіземіз. Аталған ұйымның қызметі нәтижесінде 2021 жылы қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында қазақ-неміс орталығы ашылды. Бұл орталық Қазақстан халықтарының Ассамблеясының қолдауымен іске асқандығына мән беру қажет.

Германия мемлекеті Қазақстанның ірі халықаралық ұйымдарға саяси-мәдени салада мүше болуына қолдау білдіруші елдердің біріне жатады. Мысалы, Қазақстанның Болон үрдісіне енуінде Германияның Білім министрлігінің атқарған рөлі мен қолдауына ерекше тоқтала аламыз.

Қазіргі таңда әлемнің екі жүзге тарта елдері мүше болып табылатын ұйымның халықаралық деңгейде ең ірі үкіметаралық ұйым дәрежесіне көтерілді. ЮНЕСКО аясында 177 мемлекет өзінің ұлттық комиссия-сына ие. Бүгінгі таңда 600-ден астам үкіметтік емес ұйымдар ЮНЕСКО-мен тығыз қарым-қатынаста жұмыстарын ұйымдастырып келеді. Олар негізінен білім беру, ғылым, мәдениет пен тарих, сонымен әлеу-меттік мәселелер бойынша бірлескен шараларды ұйымдастыру ісін жүзеге асырып келеді [2, 84-85-б.]. Рас ЮНЕСКО ұйым ретінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылғандығын және қазіргі жаһандық құбылыстардың жылдам өзгеріп отырғандығын ескерсек, ұйым заман ағымына сай күрделі өзгерістерді өз басынан өткеруде. Сол себепті ұйымға мүше мемлекеттердің жаңа ұстанымдары мен тың идеяға негізделген қарым-қатынастарын қажет етеді. Орталық Азиядағы жетекші елдердің бірі ретінде Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастар жүйесінде әлеуметтік-мәдени басымдықтарға ерекше мән беретін ел ретінде өзін танытып үлгерді. Бұл алдымен ЮНЕСКО сынды беделді әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша өз жұмыстарын жүргізетін ұйымдардың істеріне белсенді араласуы нәтижесінде орын алды.

Қазіргі таңдағы геоэкономикалық және мәдени алмасулар нәтижесінде ЮНЕСКО-ның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар бағытындағы жұмыстарды белсенді жүргізуіне мүмкіндіктер беріп отыр. ЮНЕСКО-ның жарғысы да халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар түсінігін жаңа сапалық деңгейге көтеріп отыр. Өйткені XX ғасырдың соңғы он жылдығына дейін әлеуметтік-мәдени үрдістер ұғымы тек жекелеген мемлекет немесе азаматтардың өз алдына дамуына қатысты ұғым ретінде қолданы-лып келген болатын. Тек адамзат баласының XXI ғасырға аяқ басуымен халықаралық қауымдастық әлем-дегі әлеуметтік-мәдени құбылыстар көп жағдайда ортақ екендігін ұғынып, осы мәселеде ортақ мәмілеге келу жолдарын қарастыруда. Бұл талпыныстар өз кезегінде ЮНЕСКО-ның жарғысының басты қалыптас-тырушы идеясы болып табылады. Дж. Сингх өзінің еңбегінде ЮНЕСКО пайда болған күннен бастап-ақ білім, ғылым, мәдениет пен ақпарат алмасу сынды күзиретіліктерге ерекше мән беріп, адамзат баласына ортақ тұжырымды қалыптастыруды мақсат етті деген пікір білдіреді [3, 9-р.]. Рас әлемдегі әр мемлекеттің тек өзіне ғана тән болатын әлеуметтік-мәдени басымдықтары бар. ЮНЕСКО беделді халықаралық ұйым ретінде осы ерекшеліктерді ортақ мүдде мен мақсатқа біріктіріп, ортақ келісімге жұмылдыруды көздейді.

Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары көп жағдайда оның заманауи әлемдегі геосаяси жағдайымен тығыз байланысып жатыр. Еуразияның орталығында орналасқан мемлекет үшін Батыс пен Шығыс әлеуметтік-мәдени алмасулардағы жетекші ролін айқындап алуы аса маңызды. 1992 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ және ЮНЕСКО ұйымдарына кіре отырып, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары атты кеңесті шақыру туралы бастама көтерді. Бұл Азия құры-лығындағы аса маңызды әлеуметтік-мәдени басымдықтарды талқылып, өзара бір шешімге келу мүмкін-дігін тудырып отыр. Кейінгі жылдары Қазақстанның бастамасымен құрылған Еуразиялық экономикалық одақ, Кедендік одақ сынды аймақтық ұйымдардың аясында да әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесі өз шешімдерін табуда. Қазақстан Республикасы ішкі саясатында басымдықтарға ие болған әлеуметтік-мәдени саладағы жетістіктеріне халықаралық сипатқа беруге тырысады. Жоғарыда атап өткен ЮНЕСКО аясында Қазақстан өз аумағындағы тарихи ескерткіштерін Әлемдік мұра тізімдеріне қоса алды. Бұл еліміздің мәдени ескерткіштеріне халықаралық басымдық беру әрекеті болып табылады. Мысалы 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін Әлемдік мұра тізіміне енгізсе, 2004 жылы Тамғалы тас археология-лық кешеніндегі петроглифтері, 2008 жылы Наурызым және Қорғалжын қорықтары Әлемдік мәдени мұралар тізіміне енгізілген болатын [4, 107-111-б.].

Әлеуметтік саланың маңызды мәселелерінің бірі – білім болып табылады. Білім беру саласын жетілдіруде Қазақстанның өзіндік үлгісі бар. Халықаралық дәрежеде мойындалған Болон үдерісіне қосы-лып, үш сатылы білім беру бағдарламасына артықшылықтар берді. Бұл ретте де білім саласын халықара-лық маңызы бар басымдық ретінде көрген еліміз түрлі ұйымдар аясында осы бағытта жұмыстарын жүзеге асырып келеді. Мысалы ЮНЕСКО-ның жаһандық «Білім – барлығына», «Тұрақты даму үшін білім» атты бағдарламалары бар. Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ның қауымдастырылған мектебі мен UNITWIN атты бағдарламаларының белсенді қатысушысы болып табылады. Қазақстанда ЮНЕСКО-ның білім алу бағытында жұмыс жасайтын отызға жуық ұлттық федерациялық клубтары жұмыс жасайды. 2012 жылы Қазақстанда ЮНЕСКО-ның Орталық-Азиялық аймақтық гляциологиялық орталығы ашылды. Қазақстан үшін ЮНЕСКО-мен тек білім ғана емес, мәдени құндылықтарды дәріштеп, әлемдік үдерістерге сай дамыту ісінде әріптестік өте маңызды. Осындай халықаралық маңызы жоғары ұйымдармен әріптестік Қазақстанның әлемдік тәжірибе алмасуына үлкен септігін тигізіп отыр. Аймақтық халықаралық ұйым-дардың бірі – Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып табылады. Алғашында «Шанхай бестігі» деп 2001 жылы құрылған ұйымның негізгі мәселесі аймақтық қауіпсіздік, экономикалық интеграция болғанымен, ұйым аясында халықаралық әлеуметтік маңызды басымдықтар жүзеге асуда [5, 8-б.]. Ұйым аясында атқарылған маңызды басымдықтардың біріне 2006 жылдың 15 маусымында қол жеткізілді. Ұйымға мүше елдердің өзара тиімді байланыстарына негізделген келісімге қол қойылып, Қазақстан Республикасы Үкіметі 2006 жылғы 23 желтоқсанында «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкімет-тері арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық келісімді бекіту туралы» атты арнайы қаулысы қабылданды.

Осылайша ұйым аясында білім және өзге де әлеуметтік мәселелерді шешудің құқықтық базасын қалыптасты. Бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттерінің ұйымға мүше елдері арасында тәжірибе алмасу, түрлі конференциялар, симпозиумдар, семинарлар сынды жұмыстар атқарылып келеді. 2008 жылы қазан айында елімізде ұйымға мүше болып табылатын елдердің білім министрлерінің келісімге келіп, нәтижесінде ұйымға мүше елдердің университеттерінің ортақ негізгі тұжырымдамасы қабылданған болатын. Алдағы жұмыстардың даму жоспары бекітіліп, Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеттерінің тұжырымдамасы қабылданған болатын. Мәдениет пен ғылым, білім мен әлеуметтік салада білікті кәсіби мамандар даярлау ісі қолға алынды [6, 38-б.].

Білім әлеуметтік-мәдени басымдық ретінде Қазақстанның өзге де халықаралық ұйымдардың жұмысы аясында жүзеге асуда. Ерекше көңіл посткеңестік аумақта жұмыс жасап келе жатқан халықаралық ұйымдардың аясында жүзеге асып келеді. Посткеңестік елдердің басын қосатын негізгі ұйым ТМД болса, аталған ұйым аясында білім саласындағы әріптестік Кеңесі жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы аталған Кеңесте жетекші елдердің санатында. Тіпті 2022 жылдан бастап Кеңеске төрағалық етіп келеді. Мұның өзі халықаралық білім беру саласындағы басымдықтың басты назарда екендігінің дәлелі болып табылады.

Әлеуметтік басымдықтар өзін әлеуметтік мемлекет деп жариялаған Қазақстан сынды елдер үшін аса маңызды. Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституциясында елімізді әлеуметтік мемлекет деп атады. Жалпы әлеуметтік мемлекет ұғымын енгізген Лоренц фон Штейн оның негізгі белгілері ретінде мынандай жайттарды анықтайды:

- азаматтардың теңдігіне кепілдік беру;

- азаматтардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына жағдай жасап, әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру [7, 5-б.].

Қазақстан Республикасы ел егемендігінің алғашқы жылдарынан мүшесі болып табылатын БҰҰ-ның 1948 жылдың 10 желтоқсанында Бас Ассамблеясы Жалпыға ортақ адам құқықтарының декларациясын қабылдады. Адам құқықтары декларациясы барысында азаматтардың құқықтары, әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру жүйесінің негіздерін қалыптастырды. БҰҰ-ның сонымен қатар Адам құқықтарына қатыс-ты сонымен қатар, Адам құқықтары мен еркіндігінің қорғау туралы конвенциясын қабылдайды. Бұл кон-венция өз кезегінде білім заңы мен еңбек заңы, азаматтардың денсаулығын сақтау мәселесімен қатар, аз қамтылған топтарды әлеуметтік қорғау ісіне қатысты заңнамалардың қабылдануына түрткі болып отыр [8, 91-б.].

Қазақстан Республикасы тек БҰҰ қабылдаған осы конвенциялар ғана емес, сонымен қатар халықара-лық беделді ұйымдар қабылдаған арнайы қаулылар, бағдарламалар мен даму жоспарларын да басшылық-қа алады. Нәтижесінде еліміз халықаралық әлеуметтік басымдықтарға сай болу мақсатында азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру сынды маңызды мәселелерді оңтайлы шешіп келеді. Әр бағытына сай мемлекеттік бағдарламалар қабылдап, халықаралық мойындалған әрі дамыған елдердің тәжірибесін республика азаматтарының өмірінде жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасының халықаралық мәдени басымдықтарына сай болуы тек қана тарихи ескерткіштерді ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізіп қана қоймай, ұйым аясында бірқатар тарихи-мәдени маңызға ие болған шараларды да ұйымдастырып келеді. Атап айтқанда ұлт тарихында өзіндік орны тұлғаларымыздың мерейтойлары да осы ұйым аясында өткізілген болатын. Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов сынды тұлғалардың мерейтойларының ЮНЕСКО аясында ұйымдастырылуы қазақ ұлт қайраткерлерінің әлемдік мәдениет пен әлеуметтік үдерістерге өзгерістер енгізіп, өзіндік орнын айқындағанын білдіреді. Халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтардың маңыздылығы Қазақстан үшін ерекше. Қазіргі таңда кез-келген халықаралық жобалар немесе халықаралық даму бағдарламаларының барлығы да адамзаттың ортақ құндылықтарымен қатар, ұлттық бірігейлік пен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Мысалы «Соғыс жағдайында мәдени мұраларды сақтау конвенциясы» 1954 жылы қабылданса, «Жергілікті жерлері мен пейзаждарының сұлулығын сақтау бойынша ұсыныстар» 1962 жылы қабылданды.

Сонымен қатар «Әлемдік және табиғи мұраларды сақтау конвенциясы» 1972 жылы қабылданса, сол жылы «Табиғи және мәдени мұраларды сақтаудың ұлттық жоспарына ұсыныстар» атты даму тұжырым-дамалары қабылданады. 1989 жылы «Фольклорды сақтау бойынша ұсыныстар» атты бағдарламалары қабылданған [9, 43-б.]. Демек ХХ ғасырдың өзінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оны сақтау мәселе-лері халықаралық деңгейде көтеріле бастады. Тәуелсіздік жылдарында қабылданған түрлі қоғамдық-мәдени өмірді қамтитын мемлекеттік бағдарламалар аз болмады. 1996 жылдың желтоқсан айында Қазақ-стан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы қабылданып, 2000 жыл «Мәдениет жылы» деп жария-ланды [10, 214-б.]. 2004-2011 жылы «Мәдени мұра» атты бірегей мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бір ғана «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының өзі ұлттық тарих, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртудың мол мүмкіндіктеріне жол ашты. Қазіргі дамыған әрі өзгермелі жаһандық құбылыстар жағ-дайында тұлғаның ерекше үйлесімділікпен қалыптасуы үшін әрі тұрақты дамуы ұлттық құндылықтарға ерекше мән берілуі қажет. Осы тұрғысынан келгенде Қазақстан Республикасының халықаралық әлеу-меттік-мәдени басымдықтарға ерекше мән беретіндігі байқалады.

Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын Қазақстан тарихы мысалында оқы-тылуына мән беру маңызды мәселелер қатарына жатады. Өйткені мәселенің маңыздылығымен қатар, оның тәжірибе жүзіндегі іске асуының өзіндік ерекшеліктері бар. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесі бүгінгі Қазақстан тарихы пәнінің заманауи кезеңіндегі маңызды тақырыптарының біріне айналып отыр. Аталған мәселені оқыту арқылы біз бірқатар құзіреттіліктерге қол жеткізе аламыз:

- білім алушылардың әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы нақты білім мазмұнына ие болады;
- әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы түсініктері молаяды;
- түрлі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-мәдени басымдықтарды заманауи сипатымен салыстыра отырып, артықшылықтары мен кемшіліктерін саралай алады;
- әлеуметтік-мәдени басымдықтардың халықаралық сипатын ұлттық құндылықтармен ара-қатына-сын талдау, синтездеу, тарихи деректерді сыни талдай алады;
- игерілген мәліметтер негізінде әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы өзіндік пікір қалыптас-тырып, мәліметтерді тұжырымдайды.

Осы келтірген әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесіне қатысты құзіреттіліктерді қалыптастыру бағытындағы оқу үдерісі үш негізгі кезеңнен тұруы тиіс. Бұл кезеңдер «мен түсінемін»,

«мен білемін» және «мен істей аламын» деген жұмыс кезеңдерін қамтиды. Бұл жұмыс кезеңдерінің логикасы білім алушылардың әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы мәліметтерді игере отырып, тұлғалық әлеуетін ашу және нақты тарихи тақырыптарға деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Аталған тақырыптың білім алушыларға қол жетімді әрі толыққанды түсінікті болуы үшін білім беру-дің дәстүрлі әдістерімен қатар, интербелсенді әдістері арқылы да ұйымдастыруға болады. Әрине дайын ақпараттар интернет ресурстарында көптігі мен дайын ақпараттар жағдайында Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын оқытуды интербелсенді әдістер арқылы сабақты ұйымдастырудың артықшылықтары көп. Мысалы зерттеу-сабағы, пікір-талас сабағы, мәселелік дәріс, шеберлік сыныбы сияқты өзге де сабақтарды тиімді ұйымдастыру арқылы жоғары жетістіктерге жетуге болады. Сабақ барысында жобалық технология, сыни ойлауды кешенді дамыту, көшбасшылық қасиетті жетілдіру, Блум таксономиясы сияқты технологияларды пайдаланудың маңызы жоғары. Білім алушылардың «топпен ойлан, талқыла, шешім қабылда» деп аталатын ұранмен жұмыс жасауы мәселені жан-жақты қарастыруға жағдай жасайды. Топ және жекелей жұмыстар барысында оқытушы білім алушылар алдына нақты тапсырмалар бере алуы тиіс. Ол тапсырмалар нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталғаны дұрыс.

Мәселеге қатысты әр топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ортақ мақсатқа жұмылу арқылы көздеген нәтижеге қол жеткізеді. Осылайша жаңа мәліметтер де оңай игеріліп, өз мүмкіндіктерімен қатар өзге топ мүшелерінің әлеуетіне дұрыс баға бере алатын болады [11, 24-26-б.]. Оқытушы білім алушыларды топқа бөлу барысында бірқатар маңызды мәселелерді есте сақтауы тиіс. Топқа бөлу кездейсоқтық ұстанамы арқылы жүзеге асуы тиіс. Білім алушыларды бірнеше сабақ бойы тек бір топта жұмыс жасауына жол бермеу керек. Өзара бақталастық пен бірін-бірі қарсылас көру сезімі орын алмағаны абзал. Сонымен қатар үлгерімі жоғары білім алушылардың да бір топқа шоғырлануы біржақты көшбасшылыққа алып келеді. Топқа дұрыс бөлу сабақты тиімді ұйымдастырудың бастапқы қадамы болып табылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын Қазақстан тарихы сабақтарында оқытуда ең алдымен мақсатты дұрыс айқындаудан басталады. Аталған мәселені оқытуда білім алушылар мән беруі тиіс мәселелердің негізгісі әлеуметтік-мәдени өмір, оның қамту аясын айқындау болуы тиіс. Сөзсіз аталған әлеуметтік-мәдени басымдықтың қамту аясы өте үлкен. Оқытушы білім алушыларға әлеуметтік-мәдени басымдықтарды жекелей жіктеп, оның мәнін ашуы тиіс. Қамтитын білім, әлеуметтік жағдай, денсаулық сақтау, аз қамтылған топтарды әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет пен тарих, салт-дәстүр ұғымдарын ашып, еліміздегі әлеуметтік-мәдени басымдықтардың мәні мен мазмұнын аша алуы тиіс. Келесі кезеңде оқытушы білім алушыларды әлеуметтік-мәдени басымдықтардың халықаралық сипатын ашып, ұйымдар мен елдер арасындағы байланыстардан туындаған тарихи құжаттар мен даму тұжырымдамаларын таныстырып, әлемдік үдерістердің ерекшеліктері туралы біз жоғарыда атаған технологиялар арқылы мәліметтерді береді.

Ендігі кезеңде білім алушылар үшін өзіндік қорытынды шығарып, салыстырмалы талдаулар негізінде еліміздің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарына баға бере алуы тиіс. Атап айтқанда әлеуметтік мемлекет түсінігі, еліміздегі білім беру жүйесі мен халықаралық стандарттардың айырмашылығы мен ұқсастықтары, еліміздегі азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыруы мен дамыған озық елдердің тәжірибесі, тарихи-мәдени ескерткіштер мен оның дүниежүзі тарихының бір құрамдас бөлігі екендігінің көрсеткіштері, Қазақстанның киелі орындарының географиясы, мәдениетті қолдауға бағытталған халықаралық ұйымдар мен Қазақстан арасындағы байланыстар, жаһандану және ұлттық құндылықтар мен ұлттық мәдениет және осы сипаттағы өзге де маңызды мәселелерді өздігімен талдап, тұжырымдай алуы тиіс.

Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары тақырыбының пәнара-лық байланысы жоғары. Білім алушылар тек тарих қана емес, сонымен қатар әлеуметтану, мәдениеттану, құқық сынды пәндердің ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік алады. Өйткені Қазақстан Республикасының әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуын тұжырымдауда әлеуметтік саланы реттейтін заңнамалық құжаттар мен оның халықаралық стандарттармен ұштасуын талдайды. Сонымен қатар қазақ халқының мәдени болмысы мен ұлттық құндылықтарының әлемдік өркениеттегі орнын айқындау үшін сөзсіз мәдениеттану саласының ерекшеліктеріне мән береді. Білім алушылар заңнамалық құжаттармен жұмыс жасайды. Осылайша білім алушылардың танымдық белсенділігі оянып, мәселедегі өзекті негізін дәл анықтау, білім мазмұнын қалыптастыра алу, шығармашылық тұрғыдан ойлану, салыстыра отырып талдау сынды маңызды құзіреттіліктерді өз бойында қалыптастырады.

Талқылау. Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары мәселесі арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айнала қоймады. Рас аталған мәселе төңірегінде

жанама мәліметтер беретін ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, іргелі еңбектер бар. Тақырыпты ашып, нақты тұжырымдар жасау үшін мәселенің теориялық негіздерін ашатын еңбектердегі мәліметтерді сарап-тай отырып, салыстырмалы талдау нәтижесінде өзіндік қорытынды жасай алдық. Мысалы зерттеушілер Л.А. Беляева мен М.А. Беляевалардың «Социально-культурная деятельность: структурно-функциональная модель» деп аталатын ғылыми-зерттеу жұмысында жалпы әлеуметтік-мәдени қызмет, оның ұғымы мен қызметі турасында нақты мәліметтер келтірілген. Аталған мақала барысында авторлар әлеуметтік-мәдени басымдықтарды жіктеп, олардың әрқайсысына тоқталуға тырысады [1, 68-б.].

Сонымен қатар мәселенің теориялық негіздерін қалыптастыру мақсатында біз С.В. Калашниковтің «Функциональная теория социального государства» атты еңбегін пайдалана алдық. Автор өзін әлеуметтік мемлекет деп жариялаған елдерге тән болуы тиіс белгілерді дәл анықтауға тырысады. Автор «әлеуметтік мемлекет азаматтарының өзара теңдігі мен ең бастысы әлеуметтік тұрғыдан толыққанды қамсыздануы» деген маңызды пікір білдіреді [6, 19-б.]. Автор азаматтардың қажеттіліктерінің өтелуі, заман ағымына сай бола алуын да әлеуметтік мемлекеттің басты белгілері ретінде атап өтеді. Аталған еңбектің бір ерекшелігі қазіргі таңдағы дамыған елдердің әлеуметтік саладағы саясатына да баға беріп, ерекшеліктерін атап өтуге тырысады. Осы келтірілген мәліметтер арқылы Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік басымдықтарға сай болуы, ерекшеліктері мен артықшылықтарын бағамдай алдық. Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары мәселесінің теориялық негіздерін сараптауда біз В.Г. Бочаровтың «Профессиональная социальная работа: личностно-ориентированный подход» атты еңбегін де атап өтеміз. Автор өз еңбегінде әлеуметтік басымдықтар және оның халықаралық сипатына тоқталады. Әсіресе әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы дамыған елдердің тәжірибесіне тоқталып, азаматтардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуы, көзқарастарының қорғалуы сынды мәселелерді әлеуметтік басымдықтардың халықаралық сипаты ретінде көрсетеді [7, 1-б.].

Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын анықтау барысында бірқатар мәселе-ге қатысты жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының және мемлекеттің заңнамалық құжаттары, түрлі сипаттағы еңбектердің бар екендігін айқындадық. Олардың қатарында Т.Е. Арсанованың «Роль ЮНЕСКО в современных условиях» атты ғылыми-зерттеу жұмысын атай аламыз. Автор ЮНЕСКО ұйымының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарды анықтау мен олардың дамуына қатысты атқарып отырған шараларын, сонымен қатар ұйымның ерекшеліктері мен құрылымдарын жан-жақты талдап, көрсете алған. Біз үшін автордың осы халықаралық ұйымның ұлттық құндылықтарды ескере отырып, ортақ адамгершілік қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған қызметтеріне баға беруі маңызды.

Өйткені автордың пайымдары арқылы халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы нақты тұжырымдар жасауға болады [2, 85-б.]. ЮНЕСКО ұйымының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға артықшылықтар берудегі қызметін сараптап, ұйымның барлық құрылымдық ерекшеліктерін сәтті аша алған. Біз өз кезегімізде сол ұйымдардың аясында атқарылған шараларды айқындап, еліміздің қаншалықты халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға мән беретіндігін айқындадық. Осы сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бірі Дж. Сингхтың «United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Creating norms for a complex world» атты мақаласы. Автор ЮНЕСКО ұйымын халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтармен жұмыс атқарып отырған бірегей ұйым ретінде бағасын береді [3, 9-р.]. Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы байланыстарды ашу арқылы біз еліміздің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға қаншалықты мән беріп, осы бағытта атқарған шараларын айқындай аламыз. Осы мақсатта С.С. Чукаеваның «ЮНЕСКО и Казахстан: горизонты сотрудничества» атты ғылыми-зерттеу жұмысына мән бердік. Автордың келтірген мәліметтері Қазақстанның әлеуметтік-мәдени бағыттағы атқарған жұмыстарының халықаралық сипатын дәл талдай алдық [4, 111-б.].

Әрине аталған мәселе, еліміздің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға мән беріп, осы бағыттағы жұмыстары өзге де халықаралық ұйымдар аясында жүруде. Мұндай ұйым аясындағы жұмыстарды талқылау үшін «Аналитический доклад Университет ШОС как инструмент интеграции образовательных систем государств-членов ШОС» [5] және Е.В. Станис, М.Г. Макарова мен Ж.Р. Торегожинаның «Опыт РУДН (Россия) и КазНУ им. Аль-Фараби (Казахстан) по созданию совместных образовательных программ в области экологии» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарын атап өте аламыз [6]. Бұл жұмыстар арқылы Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарының беделді өзге де әлемдік ұйымдар негізінде жүзеге асып жатқандығын байқаймыз. Әрине авторлардың келтірген ұйым аясындағы жұмыстардың аймақтық сипаты басым болғанымен

оның маңыздылығы жоғары деп нақты тұжырымдаймыз. Әрине мақала барысында біз ұлттық құндылықтарымыздың мәні мен ерекшеліктеріне мән беріп, оның халықаралық деңгейге көтерілуіне мән берілді. Осы мақсатта О.В. Галкованың «Культурное наследие: современные подходы и проблемы» [9], сонымен қатар Ж.А. Ермекбайдың «Культурное наследие народа Казахстана в Евразийском пространстве» [10] атты ғылыми-зерттеу жұмыстары арнайы қарастырылды [10].

Ең бастысы біз осы аталған өзекті мәселерді Қазақстан тарихы барысында оқытылу ерекшеліктерін мән беру болып табылады. Сол себепті де аталған тақырыпты оқытудың дәстүрлі және заманауи түрлеріне сипаттама беріп, артықшылықтар мен ерекшеліктерін ашуды мақсат еттік. Рас аталған бағытта бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жарық көрген. Біз осы еңбектердегі басты мәселелерге назар аударып, тәжірибеге негіздей отырып, бірегей тұжырымдар жасай алдық.

Қорытынды. Қазақстан Республикасы өзінің егемендігіне қол жеткізгеннен кейін саяси-экономикалық басымдықтармен қатар, ерекше мән берген салалардың бірі әлеуметтік-мәдени өмірді жақсарту болғаны жасырын емес. Қоғамда үстем болып келген қағидаттар жойылып, дамыған батыс елдерінің тәжірибелері басшылыққа алына бастады. Осы ретте еліміз өзіндік тәжірибені, халықаралық тәжірибемен ұштастыра алды. Азаматтардың көзқарасы мен қоғамдағы орны, пайымы мен парасатына мән беретін әлеуметтік мемлекетті қалыптастырып, халықаралық ұйымдар аясындағы әлеуметтік-мәдени басымдықтарға мән берді.

Жеткен жетістіктер аз емес. Міне ендігі кезек Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын оқу үдерісі барысында оқыту ісі. Білім беру саласында орын алған өзгерістер де еліміздің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға мән беруінен туындады. Заманауи әдіс-тәсілдерге негізделген технологиялар арқылы білім алушыларға халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар түсінігі мен оның еліміздегі көрінісін ашу, жалпы адамгершілік қағидаттарға негізделген дүниетанымдағы ұрпақты қалыптастырудың басты кепілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беляев Л.А., Беляева М.А. Социально-культурная деятельность: структурно-функциональная модель // Вестник Челябинской государственной академии культуры и искусства. – №1(33). 2013. – 68. [68-б.]
2. Арсанова Т.Е. Роль ЮНЕСКО в современных условиях // Вестник МГУКИ. – №5(73). – 2016. – 85. [84-85-б.].
3. Singh J.P. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Creating norms for a complex world. - Georgetown University, 2010. – 9. [9-p.]
4. Чукаева С.С. ЮНЕСКО и Казахстан: горизонты сотрудничества // Вестник КазНУ. – Серия международные отношения и международное право. – №1(65). – 2014. – 111. [107-111-б.]
5. Аналитический доклад Университет ШОС как инструмент интеграции образовательных систем государств-членов ШОС. Алматы, 2012. – 69 с. [8-б.]
6. Станис Е.В., Макарова М.Г., Торегожина Ж.Р. Опыт РУДН (Россия) и КазНУ им. Аль-Фараби (Казахстан) по созданию совместных образовательных программ в области экологии // Международный журнал экспериментального образования. - №1. – 2013. – 247. [38-б.]
7. Калашиников С.В. Функциональная теория социального государства. – М., 2002. – 198 с. [5-б.]
8. Бочаров В.Г. Проффессиональная социальная работа: личностно-ориентированный подход. – Москва, 1999. – 224. [91-б.]
9. Галкова О.В. Культурное наследие: современные подходы и проблемы // Вестник МГУКИ. – №6. – 2008. – 184. [43-б.]
10. Ермекбай Ж.А. Культурное наследие народа Казахстана в Евразийском пространстве // Ученые записки. – Том 2. – 214. [214-б.]
11. Ахметова М.С. Предметно-языковое интегрированное обучение Истории Казахстана // Вестник Челябинского университета. – №13 (342). – 2014. – 194. [24-26-б.]

References:

1. Beljaev L.A., Beljaeva M.A. Social'no-kul'turnaja dejatel'nost': struktorno-funkcional'naja model' [Socio-cultural activity: structural and functional model] // Vestnik Cheljabinskoy gosudarstvennoj akademii kul'tury i iskusstva. – №1(33). 2013. – 68. [68-b]
2. Arsanova T.E. Rol' JUNESKO v sovremennh uslovijah [The role of UNESCO in modern conditions] // Vestnik MGUKI. – №5(73). – 2016. – 85. [84-85-b.].

3. Singh J.P. *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Creating norms for a complex world.* - Georgetown University, 2010. – 9. [9-p.]
4. Chukaeva S.S. *JUNESKO i Kazahstan: gorizonty sotrudnichestva [UNESCO and Kazakhstan: horizons of cooperation]* // *Vestnik KazNU. – Serija mezhdunarodnye otnoshenija i mezhdunarodnoe pravo.* – №1(65). – 2014. – 111. [107-111-b.]
5. *Analiticheskij doklad Universitet ShOS kak instrument integricii obrazovatel'nyh sistem gosudarstv-chlenov ShOS [Analytical report of the SCO University as a tool for integrating the educational systems of the SCO member states].* Almaty, 2012. – 69 s. [8-b.]
6. Stanis E.V., Makarova M.G., Toregozhina Zh.R. *Opyt RUDN (Rossija) i KazNU im. Al'-Farabi (Kazahstan) po sozdaniju sovmestnyh obrazovatel'nyh programm v oblasti jekologii [The experience of RUDN (Russia) and Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan) in creating joint educational programs in the field of ecology]* // *Mezhdunarodnyj zhurnal jeksperimental'nogo obrazovanija.* - №1. – 2013. – 247. [38-b]
7. Kalashnikov S.V. *Funkcional'naja toerija social'nogo gosudarstva [Functional theory of the welfare State].* – Moskva, 2002. – 198. [5-b.]
8. Bocharov V.G. *Praffessional'naja social'naja rabota: lichnostno-orientirovannyj podhod [Professional social work: a personality-oriented approach].* – Moskva, 1999. – 224. [91-b]
9. Galkova O.V. *Kul'turnoe nasledie: sovremennye podhody i problemy [Cultural heritage: modern approaches and problems]* // *Vestnik MGUKI.* – №6. – 2008. – 184. [43-b.]
10. Ermekbaj Zh.A. *Kul'turnoe nasledie naroda Kazahstana v Evrazijskom prostranstve [Cultural heritage of the people of Kazakhstan in the Eurasian space]* // *Uchenye zapiski.* – Tom 2. – 214. [214-b.]
11. Ahmetova M.S. *Predmetno-jazykovoe integrirovannoe obuchenie Istorii Kazahstana [Subject-language integrated teaching of the history of Kazakhstan]* // *Vestnik Cheljabinskogo universiteta.* – №13 (342). – 2014. – 194. [24-26-b].